

Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 02 наурыздағы № 284 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 сәуірдегі № 4933 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 мамырдағы № 223 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 06.05.2024 № 223 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қоса беріліп отырған бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

"Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4630 санымен тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі "Қазалы" газетінде жарияланған) № 187 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XXXX сессиясының
төрағасы
Ө.Түктібай*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

*Т.Бөріқұлақов
Қазалы аудандық мәслихатының
2015 жылғы "2" наурыздағы
№ 284 шешімімен бекітілген*

Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының

39-3 бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және кент, қала, ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Әйтеке би кентінің, Қазалы қаласының және ауылдық округтердің аумағындағы кенттің, қаланың, ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

Бөлек жиынды қаланың, кенттің және ауылдық округтің әкімі шақырады.

Қазалы ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

Кент, қала, ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді қаланың, кенттің және ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті кенттің, қаланың, ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Бөлек жиынды кент, қала және ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Кент, қала және ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, қала, ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатуралары қосымшаға сәйкес сандық құрамда бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, қала, ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны тиісті кент және ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК